

**Азаматтық қызметшілердің (педагогтердің)  
бос лауазымдарға орналасуға арналған конкурс туралы  
ХАБАРЛАНДЫРУ**

**1. Конкурс откізетін ұйымның атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефон және факс нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы:** Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 4 жалпы білім беретін мектебі» КММ;

Занды мекенжайы - Караганды облысы, Шахтинск қаласы, Долинка кенті, Парковая көшесі, 24Б гимарат, анықтама телефоны 8(72156)44096, E-mail: [sh\\_osh\\_4@mail.ru](mailto:sh_osh_4@mail.ru) азаматтық қызметшілердің бос лауазымдарына орналасуға конкурс жариялады

**2. Негізгі функционалдық міндеттері, еңбекақы мөлшері мен шарттары көрсетілген уақытша бос лауазымдардың атауы:**

1. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі-10 сағат (негізгі қызметкердің ауру демалысы кезінде)
2. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі- 10 сағат (негізгі қызметкердің ауру демалысы кезінде)
3. Тарих пәні мұғалімі-10 сағат
4. Физика пәні мұғалімі-12 сағат
5. Педагог-ұйымдастырушы-1 ставка (бірлік)
6. Аға тәлімгер- 1 ставка (бірлік)

**2.1. Функционалдық қызметтері:**

**2.1.1. Барлық мамандық мұғалімдері**

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды оқытуды және тәрбиелеуді жүзеге асырады;

білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке басының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім алушылардың жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға ықпал етеді;

мұғалім қарым-қатынастың іскерлік стилін және сөйлеу этикетін ұстаздың аты мен әкесінің аты бойынша сыйайы түрде жүргіну немесе «мұғалім / учитель» деген тікелей үндеу арқылы ұстануға тырысады;

білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын пайдаланады;

пәндер бойынша қысқа мерзімді және орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарлар, бөлімге жиынтық бағалау және тоқсанға жиынтық бағалау үшін тапсырмалар жасайды;

білім үшін жиынтық бағалауды және түсініктемелермен тоқсан үшін жиынтық бағалауды жүргізу қорыттындылары бойынша талдау жүргізеді;

журналдарды толтырады (кағаз немесе электронды);

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес тұлғалық, жүйелі-белсенділік, пәндік нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

оку бағдарламаларын, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға қатысады, оларды оку жоспары мен оку процесінің кестесіне сәйкес толық колемде іске асыруды қамтамасыз етеді;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімділігін зерделейді;

инклюзивті білім беру үшін жағдай жасайды;

дарындылықты, ақыл-ой және физикалық қабілеттерді дамытуға, жеке тұлғаның жалпы мәдениетін калыптастыруға ықпал етеді;

клубтардың, үйрмелердің, секциялардың, балалар бірлестіктерінің жұмысын, балалар мен ересектердің әртүрлі бірлескен қызметін, білім алушылармен, тәрбиеленушілермен жеке жұмысты, дебаттарды, мектеп Парламентін ұйымдастырады;

ғылыми-техникалық, көркем-шығармашылық, спорттық-туристік және басқа бағыттардың бірін басқарады;

қолданыстағы заңнамаға сәйкес баланың қауымдастыктарға, қогамдық ұйымдарға қатысу құқықтарын іске асыруға ықпал етеді;

окушылардың, тәрбиеленушілердің кештерін, мерекелерін, жорықтарын, экскурсияларын, демалыс демалысын ұйымдастырады, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдайды;

балалардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады;

іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

### **Білуі керек:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдары және білім бөлім бөлім мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

педагогикалық этика нормалары;

педагогика және психология, физиология, гигиена, тәрбие жұмысының әдістемесі, үйрмелер, секциялар, студиялар, клубтық бірлестіктер сабактарының бағдарламалары;

балалар ұжымдары, ұйымдары мен қауымдастықтары, еңбек заңнамасы қызметінің негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелері, санитарлық ережелер мен нормалар;

## **2.2. Жалақы мөлшері**

Звено, ступень	В зависимости от выслуги лет	
	min	max
B2-1	165289 тг	191481 тг
B2-2	155379 тг	184048 тг
B2-3	154317 тг	182633 тг
B2-4	145115 тг	167413 тг
B3-1	146177 тг	168121 тг
B3-2	136266 тг	159626 тг
B3-3	135205 тг	159273 тг
B3-4	124586 тг	148300 тг
B4-1	139806 тг	159980 тг
B4-2	132019 тг	155379 тг
B4-3	129895 тг	151840 тг
B4-4	117508 тг	132019 тг

## **2.3. Еңбекакы төлеу шарттары**

Айлық жалақы мөлшері жыл сайынғы тарифтік тізіммен анықталады.

### **3. Біліктілік талаптарына сәйкес конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар:**

#### **Барлық мамандық мұғалімдері:**

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе жұмыс өтіліне талаптар қойылмай педагогикалық қайта даярлауды растайтын күжат немесе біліктіліктің орта деңгейіне

ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының жеке қажеттілігін ескере отырып оку бағдарламаларын бейімдейді;

арнайы білім беру үйымдарында оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, дамудағы ауыткуларды барынша еңсеруге бағытталған білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеген жөніндегі жұмысты жүзеге асырады;

интерактивті оку материалдары мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып сабактарды қашықтықтан үйымдастырады;

әдістемелік бірлестіктердің, мұғалімдер қауымдастырының, әдістемелік, педагогикалық кеңестердің, желілік қауымдастырудың отырыстарына қатысады;

ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумдарға қатысады;

ата-аналарға кеңес береді;

кәсіби құзыреттілікті арттырады;

енбек қауіпсіздігі және енбекті қорғау, өртке карсы қорғау ережелерін сақтайды;

білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қоргауды қамтамасыз етеді;

ата-аналармен немесе оларды алмастыратын адамдармен ынтымактастықты жүзеге асырады;

тізбесін білім беру саласындағы үәкілетті орган бекіткен құжаттарды толтырады;

білім алушылар мән тәрбиеленушілер арасында сыйайлар жемқорлыққа карсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастырады.

### **Білуі керек:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыйайлар жемқорлыққа карсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзету арқылы колдау туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және бағыттарды айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер білім беруді дамыту перспективалары

### **2.1.2. Педагог-кәсіби бағдар беруші**

мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын үйымдастырады, кәсіптік бағдар беру жұмысына үйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

мамандығын саналы түрде таңдауға бағытталған қызметті жүзеге асырады;

білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға мамандық таңдау бойынша шешім қабылдауда көмек көрсетеді;

мұдделерді анықтау бойынша диагностика жүргізеді, кәсіптік бағдарлау диагностикасын талдайды;

дарынды білім алушыларды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық колдауды жүзеге асырады, олардың дамына жәрдемдеседі;

кәсіпорындарда экскурсиялар жүргізеді, әртүрлі мамандықтарғы қызықты адамдармен оқушылар үшін қездесулер (әңгімелер) үйымдастырады;

кәсіби құзыреттілікті арттырады, заманауи әдістер мен технологияларды қолданады; белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді;

балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қоргауды қамтамасыз етеді;

енбек қауіпсіздігі және енбекті қорғау, өртке карсы қорғау ережелерін сақтайды;

### **Білуі керек:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыйайлар жемқорлыққа карсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерді;

жататын 1995 жылға дейін XI педагогикалық сыйныбы бар орта мектепті бітіргені туралы күжат

### **Педагог-кәсіби бағдар беруші**

жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі педагогикалық немесе педагогикалық кайта даярлауды растайтын күжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды;

### **Аға тәлімгер**

жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе «Педагогика» бағыты бойынша техникалық және кәсіптік білім немесе жұмыс өтіліне талаптар қоймай педагогикалық кайта даярлауды растайтын күжат;

### **Педагог-ұйымдастырушы**

жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық кайта даярлауды растайтын күжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды; жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық кайта даярлауды растайтын күжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды;

### **4. Конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептөлеудің күжаттарды қабылдау мерзімі:**

Конкурсқа қатысу үшін қажетті күжаттар Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің № 4 жалпы білім беретін мектеп КММ әлеуметтік желілердің реєсми аккаунтында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде (2025 жылғы «06» ақпаннан бастап 2025 жылғы «14» ақпанды қоса алғанда) ұсынылуы тиіс.

### **5. Конкурсқа қатысу үшін қажетті күжаттар тізбесі:**

- 1) осы педагогтерді қабылдау қағидаларына 3 қосымшага сәйкес нысан бойынша коса берілетін күжаттардың тізбесін көрсете отырып конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басты куәландыратын күжат немесе цифрлық күжаттар сервисінен электрондық күжат (сәйкестендіру ушін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке парақ (накты түрғылықты мекенжайын және байланыс телефондарын көрсете отырып-бар болса);
- 4) үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бесітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы күжаттардың көшірмелері;
- 5) енбек қызметін растайтын күжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) «Денсаулық сактау саласындағы есепке алу күжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 казандагы № КР ДСМ-175/2020 бүйрүғымен бесітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген);
- 7) психикалық мінез-құлық бұзылыстары бар науқастарды динамикалық бақылаудың жоқтығы туралы анықтама;
- 8) наркологиялық науқастарды динамикалық бақылаудың жоқтығы туралы анықтама;
- 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе колданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
- 10) ағылышын тілі педагогтары лауазымына орналасуға үміткерлер үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордың немесе педагог-сарапшының, немесе педагог-зерттеушінің немесе педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса) немесе CELTA сертификаты (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above, илиайлтс (IELTS) - 6,5 балл; немесе TOEFL (TOEFL) (Internet Based Test (iBT)) – 60-65 балл;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогика, педагогикалық психология;

психодиагностика, психологиялық кеңес беру және психопрофилактика негіздері; компьютерлік сауаттылық, оқу үдерісіндегі акпараттық-коммуникациялық технологиялар;

педагогикалық этика нормалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрттен қорғау ережелері, санитарлық ережелер мен нормалар.

### **2.1.3. Білім беру ұйымдарының тәлімгері, аға тәлімгері**

балалар қоғамдық ұйымдарының, «Жас қыран», «Жас ұлан» бірлестіктерінің, дебаттардың, мектеп Парламентінің қызметін дамытуға ықпал етеді;

білім алушыларға олардың бірлестіктерінің, ұйымдарының қызметін жоспарлауға көмектеседі, олардың қызметінің мазмұны мен нысандарын жаңартуға ықпал етеді;

балалар мен жасөспірімдердің жас мұдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып жұмысты жүзеге асырады;

ұжымдық-шығармашылық қызметті ұйымдастырады;

балалар мен жасөспірімдерді жұмыс істеп тұрган ұйымдар, бірлестіктер туралы кеңінен акпараттандыру үшін жағдай жасайды;

білім алушыларға әзаматтық және адамгершілік ұстанымын көрсетуге, өз мұдделері мен қажеттіліктерін іске асыруға мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар жасайды;

білім беру ұйымдарында мәдени-бұкаратық, патриоттық жұмыс жүргізеді, сыйнып жетекшілеріне балалардың тәрбие жұмысын, танымдық бос уақытын ұйымдастыруға жәрдем көрсетеді;

балалар мен жастар ұйымдарын, пікірталастарды, окушылардың өзін-өзі басқаруын, мектеп немесе студенттер парламенттерін, еріктілер қозғалыстарын ұйымдастырады;

білім алушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамкорлық жасайды;

демалыс кезінде олардың демалысын ұйымдастырады;

білім алушылармен жұмыс істеудің инновациялық тәжірибесін зерделейді және пайдаланады;

«Көгамға қызмет ету», «Отанға құрмет», «Ұлкендерге құрмет», «Анаға құрмет» қоғамдық-пайдалы жұмыстарын ұйымдастырады;

балалар ұйымдарының, бірлестіктерінің бастауыш ұжымдарының басшыларын (ұйымдастырушыларын) іріктеу және даярлау бойынша жұмыс жүргізеді;

білім беру ұйымының өзін-өзі басқару органдарымен және педагогикалық ұжымымен, қоғамдық ұйымдармен, білім алушылардың ата-аналарымен немесе оларды алмастыратын адамдармен тығыз байланыста жұмыс істейді;

білім алушылар, тәрбиленушілер арасында сыйбайлас жемкорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын сіңіреді.

Білуі керек:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдары және білім беру мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

педагогика және психология, физиология, гигиена, балалар қозғалысының заңдылықтары мен даму тенденциялары;

педагогикалық этика нормалары;

бос уақытты, демалысты, ойын-сауықты ұйымдастыру әдістемесі;

еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрттен қорғау ережелері, санитарлық ережелер мен нормалар.

### **2.1.4. Білім беру ұйымының Педагог ұйымдастырушысы**

білім алушылардың, білім беру ұйымдары тәрбиленушілерінің және тұрғылықты жері бойынша жас және психологиялық ерекшеліктерін, мұдделері мен қажеттіліктерін зерделейді, оларды іске асыру үшін жағдай жасайды;

- 11) техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнағы пәндер бойынша педагогтар және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына педагогикалық қызметке кірісken, тиісті мамандық немесе бейін бойынша кемінде екі жыл өндірісте жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады.
- 12) осы Қагидаларға 17, 18 к қосымшаларға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парагы.
- 13) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), окудан ұсыныс хат.

Кандидат болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы күжаттардың көшірмелері) ұсынады.

**Ескерту:** Осы Қагидалардың 154-тармагында көрсетілген күжаттардың біреуінің болмауы күжаттардың кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.

**Педагогтің уақытша бос лауазымының мерзімі, уақытша бос лауазымға конкурс өткізу кезінде**

Казак тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі- 2025 жылдың 20 наурызына дейін  
Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі- 2025 жылдың 20 наурызына дейін

**7. Құжаттарды ұсыну орны, байланыс телефоны және конкурс өткізууді үйімдастыруға жауапты тұлға:**

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 4 жалпы білім беретін мектебі» КММ. Занды мекенжайы - Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Долинка кенті, Парковая көшесі, 24Б ғимарат, анықтама телефоны 8(72156) 44096, E-mail: [sh\\_osh\\_4@mail.ru](mailto:sh_osh_4@mail.ru)

*Құжаттарды қабылдауга жауапты тұлға: конкурстық комиссияның хатшысы  
Прокопьева Людмила Владимировна*